

«Қазақстанның су қауіпсіздігі: жай-күйі, проблемалар мен ұсынымдар» тақырыбына арналған парламенттік тыңдаудың ҰСЫНЫМДАРЫ

Парламенттік тыңдаудың қатысушылары – Парламент депутаттары, министрліктер мен ведомстволардың өкілдері, су ресурстары саласындағы ғалымдар мен мамандар мыналарды атап көрсетеді.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында Қазақстанның және өңірлердің алдында тұрған жаһандық сын-қатерлердің қатарында судың тапшылығы және табиғи ресурстардың сарқылу проблемасы көрсетілген. Осыған байланысты еліміздің су ресурстарына қатысты жаңа саясатты әзірлеу жөніндегі міндет қойылды, ол сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешуде басқа елдердің озық тәжірибесін мұқият зерделеуді және қолдануды; жер асты суларын ұқыпты пайдалануды және агроөнеркәсіптік секторда ылғал үнемдейтін технологияларға көшуді және қоғамды суды үнемдеу мен оны ең қымбат табиғи байлықтардың бірі ретінде ұтымды пайдалануға үндеуді көздейді. Бұл бағыттарды іске асыру 2050 жылға қарай елді сумен қамтамасыз ету проблемасын толық шешуге мүмкіндік береді деп болжануда.

Қазіргі уақытта Қазақстан Су ресурстарының жетіспеушілігін бастан кешіруде және сарапшылардың болжамы бойынша жиырма жылдан кейін су ресурстарының тапшылығына тап болуы мүмкін. Бұл, бірінші кезекте, суды ойсыз тұтынумен, судың ластануымен, жер үсті суларының сарқылуымен; су жинағыштарда су қорғау режимінің бұзылуымен және су шаруашылығы құрылыстары мен құрылғыларын пайдалану ережелерімен байланысты. Көптеген су шаруашылығы объектілерінің, оның ішінде суару жүйелері бар су құбыры желілерінің іс жүзіндегі тозуы бүгінде 60% және одан да көп. Ауыл шаруашылығында көбінесе тиімсіз, ескірген ирригациялық жүйелерді пайдалану салдарынан су босаңсуда. Тамшылатып суару технологиялары мен жаңбырлатқыш қондырғылар аз пайдаланылады, олар суды едәуір үнемдеуге қабілетті.

Маңызды проблемалардың бірі шектес мемлекеттермен су бөлісу, трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану, оның ішінде су ресурстарын басқару жөніндегі жекелеген халықаралық комиссиялар

жұмысының бірдей еместігімен және қазақстандық мамандардың жеткіліксіз құзыреттілігімен байланысты мәселелер болып отыр.

Көтеріліп отырған проблемалардың өзектілігін ескере отырып, Парламенттік тыңдауға қатысушылар Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мыналарды:

1. Республиканың су қауіпсіздігін қамтамасыз етуді **мемлекеттік саясаттағы басымдық** деп тануды және оны меншік нысанасына қарамастан барлық уәкілетті органдар мен ұйымдардың қызметін бағалаудың міндетті параметрі ретінде айқындауды ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

2.1. Қажетті қаржы бөле отырып, барлық су объектілерін, оның ішінде жекеменшік су қоймаларын, каналдарды, сорғы станцияларын және суарылатын алқаптарды қамтитын Қазақстанның су шаруашылығы инфрақұрылымының Мемлекеттік Кадастрын қалыптастыруды;

2.2. Су ресурстарын дамыту жоспарында су шаруашылығын заманауи басқару жүйелерімен, бақылаудың техникалық құралдарымен жарақтандыру, көпфакторлы зерттеуді жүргізу арқылы оны жаңғыртуды қарастыруды;

2.3. Елдегі жерүсті және жерасты суларының жай-күйі мен көлемі туралы анық мәліметтерді көрсететін жаңа Республика картасын жасауды, ол үшін география және гидрогеология ғылыми институттарының әлеуетін пайдалануды;

2.4. Экономиканың барлық салалары мен халықтың қажеттілігін ескере отырып, алдағы су шығындарын азайту мен Республикадағы су ресурстарының сарқылуы жөніндегі түбегейлі шараларды әзірлей отырып, суды тұтынудың кешенді талдамасын жүргізуді; Осы мақсаттарда озық халықаралық тәжірибені барынша пайдалануды;

2.5. Бөлінетін бюджет қаражатының ұтымды және мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін олардың игерілуі туралы жыл сайынғы есепті жасауды және оған ашық олжетімділікті қамтамасыз етуді;

2.6. Қауіпсіздік кеңесінің су қауіпсіздігіне қатысты отырыста берген тапсырмаларының мемлекеттік органдар тарапынан орындалуы туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатын хабардар етуді;

2.7. Әлемдік тәжірибені және елдің ұлттық мүдделерін ескере отырып, барлық қажетті Трансшекаралық өзендер бойынша шектес мемлекеттермен келісімдерге қол қоюды жеделдетуді;

2.8. Комиссия мүшелерін жоғары саяси деңгейде тағайындауды қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның трансшекаралық өзендер саласындағы келіссөз комиссиясына айрықша мәртебе беруді;

2.9. Су кодексінің және басқа ілеспе нормативтік-құқықтық актілерге кешенді талдау жүргізуді және мынадай ұсыныстарды қарастыруды:

- уәкілетті органның құзыретін нақты айқындауды, су шаруашылығы құрылыстарының, сумен жабдықтау және су тарту қауіпсіздігі мәселелерін құрылымдауды;

- орталық атқарушы органға жер асты суларының сапасы мен пайдаланылуын бақылау жөніндегі функцияларды беруді;

- халықаралық тәжірибені зерделей отырып және оны жер үсті суларының объектісі ретінде қарай отырып, «бұлақ» ұғымын енгізуді;

- бұлақтарды сақтау жөніндегі жауапты уәкілетті органды анықтау.

2.10. Су мәселелері бойынша білім беру және ғылыми-зерттеу базасын жетілдіру жөніндегі, оның ішінде су шаруашылығы саласында сұранысқа ие мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарының гранттарын және «Болашақ» бағдарламасы бойынша квоталарды арттыру жөніндегі шараларды қабылдауды;

2.11. Шетелдік тәжірибенің, оның ішінде ынталандыру сипатындағы тәжірибенің негізінде халыққа суды ұқыпты тұтыну мәдениетін түсіндіру бойынша шараларды пысықтауды және қабылдауды ұсынады.

2.12. Су ресурстарын бірігіп басқару жөніндегі ұлттық жоспарды (стратегияны) өзектендіруді және оның қабылдануын қарауды.

2.13. Су ресурстары бойынша дербес мемлекеттік органды құру мүмкіндігін қарастыруды және оған осы саладағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды жүктеуді.

2.14. 2020-2030 жылдарға арналған су ресурстарын басқару және су қауіпсіздігі мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды.

2.15. Су ресурстары туралы жыл сайынғы ұлттық есепті тыңдауды практикаға енгізуді.

2.16. Экологиялық кодекстің (жаңа редакция) жобасына және басқа да ілеспе заңнамалық актілерге:

– өнеркәсіптік сектор субъектілеріне ынталандыру және өзге де қолдау шараларын ұсына отырып, су үнемдеу технологияларын ендіру міндетін енгізуді;

– бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлағаны және пайдаланғаны үшін жауаптылықты, сондай-ақ елдің су қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты күшейту туралы ұсыныстарды пысықтауды;

– жер асты суларының қорларын барлау мен анықтауды көздеуді;

– жер асты су қорлары орналасқан аймақтарда жер асты пайдалы қазбаларына барлау жүргізуге тыйым салуды енгізуді;

– су қорғау аймақтарында жер асты және жер үсті пайдалы қазбаларына барлау жүргізуге тыйым салуды енгізуді ұсынады.

2.17. Инвестициялық қызметте мемлекеттік шығыстарды қысқарту мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін белсенді пайдалануды.

2.18. Сумен жабдықтау және суару үшін пайдалану мақсатында еріген, жауын және тасқын суларды жинауға арналған су шаруашылығы құрылыстарын салу бойынша салалық бағдарлама әзірлеуді.

2.19. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қоршаған ортаға, оның ішінде су объектілеріне зиян келтіруін болдырмау үшін олардың қызметіне бақылауды күшейтуді ұсынады.

3. Ғылыми институттарға:

3.1. Ғылыми институттардың ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетін су ресурстары жөніндегі уәкілетті органның стратегиясымен шоғырландыруды;

Үкіметпен бірлесіп жоғарыда аталған су мәселелері бойынша стратегиялық құжаттарды әзірлеуге белсенді қатысуды ұсынады.

3.2. Халықаралық комиссиялардың жұмысына отандық мамандарды міндетті түрде тарта отырып, трансшекаралық су ынтымақтастығына қатысуды жандандыруды;

3.3. Тиісті мемлекеттік органдарға нақты ұсынымдар жолдай отырып, сумен қамтамасыз етудің проблемалық мәселелеріне зерттеу жүргізу. Бұл тұрғыдан шетелдік әріптестермен және сарапшылармен халықаралық өзара іс-қимылды кеңейтуді ұсынады.

3.4. Мемлекеттік деңгейде алдын алу шараларын келесі қабылдау үшін қауіпті гидрологиялық құбылыстарды бағалаудың және болжаудың жаңа әдістемесін әзірлеуді **ҰСЫНАДЫ**.
